

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОЛОГИЯ ЖӘНЕ ӘЛЕМ ТІЛДЕРІ ФАКУЛЬТЕТИ
ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІ КАФЕДРАСЫ



Көрнекті ғалым, филология ғылымдарының докторы,
профессор
ӘМІР РАҚЫШ СӘТҰЛЫНЫҢ
90 жылдығына арналған
«ФИЛОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМДІ МОДЕРНИЗАЦИЯЛАУ:
ТӘЖІРИБЕСІ МЕН ПРОБЛЕМАСЫ» атты
респубикалық ғылыми-әдістемелік конференция

МАТЕРИАЛДАРЫ

Алматы
16-17 қараша, 2020 жыл

МАЗМҰНЫ

ҒИБРАТТЫ ҒАЛЫМ, ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ

Сағындықұлы Б. ЗАМАНДАСТАРЫН СЫЙЛАЙ БІЛЕТІН, ӨЗІН СЫЙЛАТА АЛАТЫН ЕРЕКШЕ ТҮЛГА-----	3
Дәдебаев Ж. ТҮСІ ИГІ, ЖАНЫ ІЗГІ ЖАЙСАҢ АДАМ-----	4
Қалиев Б., Ерназарова З. ТЕОРИЯЛЫҚ ТҰЖЫРЫМДАРЫ МОЛ ОҚУЛЫҚ-----	7
Смағұлова Г., Мамаева М. ЖАЙ СӨЙЛЕМ СИНТАКСИСІНДЕГІ ЖАҢАЛЫҚТАР -----	9
Момышова Б. АУЫЗША ӘДЕБИ ТІЛДІҚ КОММУНИКАТИВТІК ШАРТТАРЫН НЕГІЗДЕУДЕГІ ПРОФ. Р.ӘМІРДІҢ ҚЫЗМЕТИ -----	13
Тымболова А.О. ҒАЛЫМНЫҢ ҒИБРАТТЫ ҒҰМЫРЫ -----	15
Жақыпов Ж.А. ТІЛТАНУДАҒЫ ТҮЛГА -----	17
Салқынбай А. ЛЕБІЗ ТЕОРИЯСЫНЫҢ БАСПАЛДАҒЫНАН БИГІНЕ ДЕЙІН -----	21
Дәүлетбекова Ж. ҰЛЫ МІНДЕТИНЕ АДАЛ ҰСТАЗ -----	24
Ермекова Т.Н. ПРОФЕССОР Р. ӘМІРДІҢ ЭЛИТАРЛЫҚ ТІЛДІК ТҮЛГА ПОРТРЕТИ -----	29
Алтаева А.К. БІЛІМ ӨЗ ИЕСІН БІЛДІРІП ТҮРАДЫ -----	34
Ильясова Н.Ә. КОММУНИКАТИВТІ ГРАММАТИКАНЫ ТАНЫТҚАН ҒАЛЫМ -----	39
Раев Д. АЙТҚАН СӨЗІН – АҚЫЛЫНЫң ӨЛШЕМІ ЕТКЕН ҒАЛЫМ-ТҮЛГА -----	41
Күзекова З. Р.С. ӘМІРДІҢ « ҚҰРМАЛАС СӨЙЛЕМДЕР ҚАЗАҚ ТІЛІНІҚ ГРАММАТИКАЛЫҚ, ФУНКЦИОНАЛДЫҚ ЖҮЙЕСІНДЕ» АТТЫ ОҚУ ҚҰРАЛЫ ТУРАЛЫ -----	42
Әлкебаева Д. Р. ӘМІРОВ, Ж. ӘМІРОВА « ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛІ, ҚҰРМАЛАС СӨЙЛЕМДЕР ЖҮЙЕСІ» АТТЫ ЖАҢА ОҚУЛЫҒЫ ЖАЙЫНДА -----	45
Мамаева М. «УШ ТУРЛІ АДАМДЫ КӨРМЕЙ ТҮРҮП СҮЮ МУМКІН: ҒАЛЫМДЫ, ЖОМАРТТЫ ЖӘНЕ ӘДІЛ КІСІНІ -----	48
Иманалиева Ф.Қ., Кенжебаева Л.Ж. ҚАЗАҚ ТІЛІ СИНТАКСИСІН ОҚЫТУДЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТИ -----	49

ж)диалогиялық тілдесім кезіндегі қосұндылік, т. б. көптеген ерекшеліктерді ашып көрсете алды.

Автор әдеби тілдің болашақтағы дамуын ауызекі тіл дәстүрін сақтап барып, ілгерілетумен байланыстырыған. Бұл арада ғалым Ш. Баллидың «разговорный язык» является единственным истинным языком и нормой оценки всех прочих форм речи деген пікірімен толық келісетінін жасырмайды. Ауызекі тіл нормаларын білмеу, ауызекі тілдің синтаксистік құрылымдарын жастанынан мектепте үйретпеу сөйлеу тілін дұрыс қалыптастырмаудан басталатынын, бұл мәселенің өз кезегінде ұлт тілінің болашағына ықпал ететінін, бала тілінің кітабиленіп, реисмиленіп, қасаңданатынын, тіпті теле-, радиохабарларды жүргізушилердің тіліндегі айтарлықтай кемшіліктер мен бір-бірінен айнымайтын стандарттар мен клишлердің, шаблондардың пайда болуы мен олардың шығу тегін мектеп тәрбиесімен сабактастыра келіп, әлеуметтік себебін де нақты айта алған.

Осыдан 40 жылға жуық айтылған ғалымның пікірлері бүгінгі күні құнын бір мысқал да жоғалтпағанын баса айту керек. Бәрі де әлі өзекті күйінде тұр, яғни ғалым өзі көтерген қазак тілінің аталған проблемасына жаңы ауырғандықтан ат басын бұрған, терең зерттеп, көрегенділік таныта алған.

Абырайлы жасында әділ сөзінен таймай, жасай беруіне тілекtespi!

Пайдаланылған әдебиеттер:

Амир Р.С. Особенности синтаксиса казахской разговорной речи. - Алма-Ата, 1972. -180 стр. -стр. 3-4

Тымболова А.О.

филология ғылымдарының докторы, профессор
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

ҒАЛЫМНЫҢ ГИБРАТТЫ ҒҮМЫРЫ

Ұлы Абай: «Ғылым – Алланың бір сипаты, ол хакиқат, оған ғашықтық өзі де хақылық һәм адамдық дүр», -дейді өзінің отыз сөзізінші кара сөзінде.

Адамның ғылымды игеруі осы хакиқаттың растиғын білу, оған құмар болу деген сөз. Абай ғылым жолына түскен адамды хакиқат жолына, Алланың жолына түскен жан деп дегесептейді. Ал оңай жолмен мал табу, пайда табу жолына түскендерден Аллаға ғашықтық, ғылым-білім хакиқаты табылмайды.

«Хақылық жолды дін деп атап ашты олар,
Бар әлемге жарықтарын шашты олар.

Адамзатты құтқаруға пәледен,
Мехнат шекті, төкті талай жасты олар» (С. Сейфуллин).

Мұндағы Сәкен ақынның дін деп отырғаны да ілім-білім. Абай да хакиқат туралы ойын Аллатагалаға иман келтіруден бастайды. Сонда дін дегеніміз бұл жерде білім, ғылым, иман байлығы ретінде беріліп отыр.

Жоғарыда келтірілген ақын қарасөзі «Ғұмыр өзі – хакиқат» деп аталады. Мұндағы негізгі күт ұғым – ғұмыр. Себебі ақын «Ғұмыр өзі – хакиқат. Қай жерде ғұмыр жоқ болса, онда қамалат жоқ» дейді. Демек, ғұмыр болған жерде ғана болмыс туады. Сонда ғана адам әрекет етіп, жоқтан бар жасайды. Осы орайда, ұзақ жасаудың сырына да бойлагандай боласың. Аллатагала да өлшеулі ғұмырды босқа жүрмейтін адамдарға текке бермейді-ау деп ойланасың.

Өмірін ағартушылық қызметке арнаған ұстаз отбасында дүниеге келген біздің кейіпкеріміз де Алланың осы айтқан сипатына ғашық болып, жастанынан білімге ден койып, алғыр бол еседі. Өмір белестерінде талай биіктерді бағындырады.

Бүгінде тоқсанға келсе де, жаңын да тәнін де артық-ауыс нәрселерден аулақ ұстап, тік жүруінің өзі тектілігін білдірген, сыр бермей, сырбаз жүруінің өзі үлгіге айналған ұстазымызды осы ғұмырында көп іс тындырды деуге болады.